

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: 6-бөлім Атақты тұлғалар	Мектеп:ЕОМ№2 Мұғалімнің аты-жөні: Амантаева Д.Н
Күні:24,02 Сынып: 3 «А», «Б»	Қатысқандар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Тапсырмалар орындау
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	3.3.1.1 мәтінді немесе оның бөлімдерін мәнерлеп оқу, шолып (танысу мақсатында) оқу/ рөлге бөліп оқу 3.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру; 3.2.1.1 берілген тақырыпқа қатысты сөздерді табу және сөйлеу барысында қолдану
Сабақтың мақсаттары	<b>Барлығы:</b> мұғалім көмегімен оқыған мәтіннің мазмұнын түсінеді. <b>Көпшілігі:</b> мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, тірек сөздерді қолданып, ауызша сөйлемдер құрайды. <b>Кейбірі:</b> оқыған мәтінді мазмұндайды, өзі білетін ақпаратымен бөліседі.
Бағалау критерийлері	Мәтінді рөлге бөліп оқиды, мәнерлеп оқиды. Оқыған мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді. Тірек сөздерді қолданып, мәтінді мазмұндайды.
Тілдік мақсаттар	өнер, өнерлі, ғылым, ғалым, өнертапқыш, шебер, қылқылам шебері, еңбекқор
Құндылықтарды дарыту	өнерді бағалау, атақты адамдардың істерін үлгі тұту
Пәнаралық байланыс	дүниетану
АКТ қолдану дағдылары	
Бастапқы білім	Өнер бөлімі бойынша қорытындылау

### Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	<b>Қызығушылықтарын ояту</b> -Балалар, күннің шуағын көргенде сендер не сезесіңдер? - Көңілің көтеріледі. Күнге қуанамыз. Күн бізге жылу береді. Сәулесін төгеді. Күн шыққан кезде жарық болады. -Сыныпта жақсы көңіл-күй орнатып, балалардың назарын сабаққа аудару. Оқушылар жұпта тұрып, бір-біріне сәттілік тілейді. Қызығушылықты ояту. Мына сурет бойынша не айтуға болады? Оқушылардың жауаптарын тыңдау.	
Сабақтың ортасы	<b>1-тапсырма</b> <i>Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңдер.</i> Шоқан -қазақтың тұңғыш ғалымы. Ол жас кезінде Ресейде оқыған. Шоқан өте талантты, білімді болды. Ол ұстаздарынан зерттеу жасауды үйренді. Шоқан ұстаздарынан көп білім алды. Ұстаздары да Шоқанды дарынды, білімді бала ретінде бағалады. Шоқанның досы көп болды. 1. Шоқан –кім? 2. Ол жас кезінде қайда оқыған? 3. Шоқан қандай болды? 4. Шоқан ұстаздарынан көп не алды? 5. Ұстаздары да Шоқанды қалай бағалады? 6. Шоқанның кімі көп болды? <b>2-тапсырма</b>	

**Ақпараттың дұрыс/дұрыс еместігін анықтаңдар.**

№	Ақпарат	Дұрыс	Дұрыс емес
1	Шоқан -қазақтың тұңғыш жазушысы.		
2	Шоқан өте талантты,білімді болды.		
3	Ол жас кезінде Алматыда оқыған		
4	Шоқан атасынан көп білім алды.		
5	Шоқанның досы көп болды.		

**3-тапсырма**

**Тиісті жалғауларды қойып,көшіріп жазыңдар.**

I. Мен жаза .....

II. Сен жаза .....

Сіз жаза .....

III. Ол жаза.....

I. Мен айта .....

II. Сен айта .....

Сіз айта .....

III. Ол айта.....

I. Мен бара .....

II. Сен бара .....

Сіз бара .....

III. Ол бара.....

**4-тапсырма**

**Жақша ішіндегі сөздердің тиістісін қойып,сөйлемдерді көшіріп жаз.**

**1.**Дина Нүрпейісова-(қазақтың,орыстың,өзбектің) күйшісі.**2.**Ол кішкене кезінен (күй,ән,әуен) шертеді.**3.**Динаның (ұстазы,атасы,әкесі)-ұлы күйші Құрманғазы.**4.**Ол дарынды қызға (бата,ақыл,өсиет) береді.**5.**Дина ұстазының (жолын,шығармасын,білімін) жалғастырады.**6.**Кейін (өзі,ол,мен) де күй шығарады.

**Сабақтың соңы**

**Кері байланыс**



**Үйге тапсырма: жаңа сөздерді жаттау, мәтінді мазмұндау**

**Қосымша ақпарат**

**Қорытындылау**

Төмендегі бөлікті сабағыңыз туралы өз ойыңызды жазуға қолданыңыз. Өз сабағыңыз бойынша сол жақ бағандағы сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Сабақ барысына өзгертулер енгіздіңіз бе? Неге?  
2. Жүргізілген жұмыс түрлері қаншалықты тиімді болды?

**Қорытынды бағалау**

Ең жақсы өткен екі нәрсе не?

1:

2:

Қандай екі нәрсе сабақты жақсартар еді?

1:

2:

### 1-тапсырма

**Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңдер.**

Шоқан -қазақтың тұңғыш ғалымы. Ол жас кезінде Ресейде оқыған. Шоқан өте талантты, білімді болды. Ол ұстаздарынан зерттеу жасауды үйренді. Шоқан ұстаздарынан көп білім алды. Ұстаздары да Шоқанды дарынды, білімді бала ретінде бағалады. Шоқанның досы көп болды.

1. Шоқан –кім?
2. Ол жас кезінде қайда оқыған?
3. Шоқан қандай болды?
4. Шоқан ұстаздарынан көп не алды?
5. Ұстаздары да Шоқанды қалай бағалады?
6. Шоқанның кімі көп болды?

### 2-тапсырма

**Ақпараттың дұрыс\дұрыс еместігін анықтаңдар.**

№	Ақпарат	Дұрыс	Дұрыс емес
1	Шоқан -қазақтың тұңғыш жазушысы.		
2	Шоқан өте талантты, білімді болды.		
3	Ол жас кезінде Алматыда оқыған		
4	Шоқан атасынан көп білім алды.		
5	Шоқанның досы көп болды.		

### 3-тапсырма

**Тиісті жалғауларды қойып, көшіріп жазыңдар.**

- I. Мен жаза .....
- II. Сен жаза .....
- Сіз жаза .....
- III. Ол жаза.....

- I. Мен айта .....
- II. Сен айта .....
- Сіз айта .....
- III. Ол айта.....

- I. Мен бара .....
- II. Сен бара .....
- Сіз бара .....
- III. Ол бара.....

### 4-тапсырма

**Жақша ішіндегі сөздердің тиістісін қойып, сөйлемдерді көшіріп жаз.**

1. Дина Нүрпейісова-(қазақтың, орыстың, өзбектің) күйшісі.
2. Ол кішкене кезінен (күй, ән, әуен) шертеді.
3. Динаның (ұстазы, атасы, әкесі)-ұлы күйші Құрманғазы.
4. Ол дарынды қызға (бата, ақыл, өсиет) береді.
5. Дина ұстазының (жолын, шығармасын, білімін) жалғастырады.
6. Кейін (өзі, ол, мен) де күй шығарады.